

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік  
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту  
және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия  
отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

29.03.2018  
сағ.11:00

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

**Комиссия мүшелері:** Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы, М.Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, еңбек демалысында, 2018 жылғы 28 ақпандағы №48-д бұйрығы).

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша келіп түскен үміткердің тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 31-тармағына мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сапалық жағдайы, техникалық регламент және стандарт бойынша нормативтік құжаттар талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізу үшін 2018 жылғы 11 қаңтардағы №3, №4, 2018 жылғы 05 наурыздағы №27, №28 нарядтар негізінде материалдық құндылықтардың көлемін төмендету.

3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шарттарға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін азайту.

2018



4. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №30-38, №39-49, №237-267, №268-322, №410, №411-448, №643-№647, №648, №649 лоттар бойынша кесімді бағасын қағидаларының 41,42-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету.

1. Тендер 2018 жылғы 26 наурыздағы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі ММРК тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2018 жылы шығаруға жататын жаңарту және броньнан шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Ж.т. Баймухамедова Раушан Жандарбековна	1	Астана қ., Мустафин көш. 5/1 үй, 27 пәт.	28.03.2018	15:30
	<b>Барлық конверттер:</b>	<b>1</b>			

Қағидаларының 11-тармағына сәйкес тендерлік комиссия үміткер ретінде келесі қатысушыны тіркеуді шешті:

**1. Ж.т. Баймухамедова Раушан Жандарбековна (№ 634, №635 лот)**

Тендерге қатысу өтінімі 2 парақта тігілген, нөмерленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) Жеке куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 28.03.2018 жылғы №11539286 жеке тұлға қаражатын аудару туралы өтініш.

Қағидалардың 35 және 36-тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен талдау және бағалау нәтижелері бойынша жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Жалғыз үміткер ретінде **№ 634 лот** бойынша өтінім бағасы **822 672 (сегіз жүз жиырма екі мың алты жүз жетпіс екі) теңгемен ж.т. Раушан Жандарбековна Баймухамедованың** тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

2.007

Р.А. М. М. М. М.

М. М. М. М. М. М.

2. Жалғыз үміткер ретінде № 635 лот бойынша өтінім бағасы 822 672 (сегіз жүз жиырма екі мың алты жүз жетпіс екі) теңгемен ж.т. Раушан Жандарбековна Баймухамедованың тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Тендерлік комиссия күн тәртібінің екінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қағидалардың 31 тармағына сәйкес сапалық жағдайы, техникалық регламент және стандарт бойынша нормативтік құжаттар талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізу үшін материалдық құндылықтардың 2018 жылғы 11 қаңтардағы №3, №4, 2018 жылғы 05 наурыздағы №27, №28 наряд негізінде шығарылуына байланысты келесі лоттардың көлемі төмендетілсін:

-№66 лот «Ет консервілері» 0,040 м.ш.б.-ға;

-№ 81 лот «Ет консервілері» 0,030 м.ш.б.-ға.

Осы аталған шешімге дауыс берді:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

3. Тендерлік комиссия күн тәртібінің үшінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 8-тармақшасына сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарына «Т.Қ. Жүргенев атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы», Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының № 2 «Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы», Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының № 1 «Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жасалуына байланысты келесі лоттардың көлемі азайтылсын:

- № 24 лоты «деохлор дез. құралы» 68,62 кг.;

- № 354 лоты «қарақұмық жармасы» 590,650 кг;

- № 356 лоты «қарақұмық жармасы» 315 кг.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Р.Т. Жүргенев

А.С. Аманжол

4. Тендерлік комиссия күн тәртібінің төртінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қағидалардың 41,42-тармақтарына сәйкес №30-38, №39-49, №237-267, №268-322, №410, №411-448, №643-№647, №648, №649 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасы 10 % төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2018 жылғы 29 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

ММРК 10 (он) жұмыс күні ішінде жеңімпазбен сату алу-сату шарты жасалсын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 29 наурызда сағат 11.14-те аяқталды деп есептелсін.

Қосымша:

1. 2018 жылғы 29 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, \_\_\_ парақта.

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.

  
\_\_\_\_\_

**Комиссия мүшелері:**

Ахметов Б. Қ.

  
\_\_\_\_\_

Дүйсекенова Д.Н.

  
\_\_\_\_\_


Рахаев М.Н.

  
\_\_\_\_\_


Әжіғұлова М.Ж.

  
\_\_\_\_\_

Иманбаев Н.М.

  
\_\_\_\_\_

Бекенов А.С. .

  
\_\_\_\_\_

**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

  
\_\_\_\_\_